

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫ
ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІ КАФЕДРАСЫ**

**Диплом жұмысын орындау бойынша
әдістемелік нұсқаулық**

5B020700 - «Аударма ісі» мамандығы

Астана

I. Жалпы ережелер

1.1. Диплом жұмысы маман даярлаудың соңғы кезеңі болып табылады және мамандықтың оқу жоспарына сәйкес жазбаша түрде орындалады.

1.2. Диплом жұмысын орындаудың мақсаттары:

- мамандық бойынша алған теориялық білімді және практикалық дағдыларды жүйелеу, дамыту және бекіту;
- ғылыми зерттеу әдісін меңгеру, өз бетінше жұмыс жүргізе алу және мәселелерді шешу кезіндегі эксперимент жүргізу дағдыларын дамыту;
- студенттің кәсіби құзырлылық жағдайындағы заманауи экономиканың барлық салаларында, ғылым және техника салаларында өзбетілік жұмысқа дайындығын анықтау.

Диплом жұмысында зерттеу жұмысының нәтижелері қорытындылануы қажет.

1.3. Диплом жұмысы төмендегідей міндеттерді шешуі тиіс:

- ғалымдардың, аналитиктердің, мамандардың жүргізген зерттеу қорытындыларының қарастырылуы;
- зерттеу нысаны бойынша ғылыми дәлелденген теориялық тұжырымдар мен ұсыныстардың болуы;
- нақты мәселелерді шешуге бағытталған ғылыми дәлелденген қорытындылардың болуы.

1.4. Диплом жұмысын жазу барысында жоғарыда көрсетілген мақсаттарға жету үшін бітіруші студент келесі міндеттерді орындау қажет:

- таңдалған тақырыптың өзектілігі мен маңыздылығын негіздеу;
- қажетті ақпарат жинақтау арқылы зерттеу нысанына талдау жүргізу;
- зерттеу барысында алынған нәтижелер негізінде нақты қорытындылар мен ұсыныстарды тұжырымдау;
- қол жеткізген нәтижелер негізінде зерттеу нысанының қызметін жетілдіру жолдарын немесе нақты мәселелерді шешу жолдарын ұсыну.

1.5. Диплом жұмысында берілген ақпараттың нақтылығы мен дәлдігіне диплом жұмысының авторы студент жауапты.

II. Диплом жұмысын орындаудың кезеңдері

2.1. Диплом жұмысының тақырыбына қойылатын талаптар

2.1.1. Диплом жұмысының тақырыптары шығарушы кафедра мамандыққа сәйкес әзірленеді және жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесінде қарастырылады, ректордың бұйрығымен бекітіледі.

2.1.2. Диплом тақырыптары шетел тілдерін оқытудың әдістемесі мен тіл теориясындағы заманауи жетістіктерімен және өзектілігімен сәйкес болуы қажет.

2.1.3. Диплом жұмысының тақырыптары бітіруші студенттердің санынан 2-3 есе көп және жыл сайын 30%-ға жаңартылып отырылуы тиіс.

2.1.4. Студент диплом жұмысының тақырыбын бекітілген тақырыптардан таңдайды. Студентке бекітілген тақырыптардан тыс тақырыпқа диплом жұмысын орындау құқығы беріледі. Мұндай жағдайда студент таңдалған тақырыбының негіздері дәлелденген тұжырымдамасын кафедраға тапсыруы керек.

2.1.5. Сырттай бөлімде оқитын студент өндірістік қажеттілігіне немесе жұмыс қызметіне байланысты диплом тақырыбын таңдай алады немесе ұсына алады.

2.1.6. Диплом тақырыбы студентке оқу жылының басында бекітіледі және ЕАГИ ректорының бұйрығымен бекітіледі.

2.1.7. Қажет болған жағдайда диплом тақырыптары диплом алды тәжірибеден кейін кафедра меңгерушісінің дәлелді негіздеуімен өзгертілуі мүмкін.

2.2. Диплом жұмыстарына ғылыми жетекшілердің тағайындалуы

2.2.1. Ғылыми жетекшілер болып профессорлар, доценттер, ғылыми дәрежесі бар тәжірибелі оқытушылар, ЖООның ғылыми қызметкерлері, сонымен бірге қызметі мен ғылыми жариялынымдары болашақ маманды даярлау бағытына сәйкес келетін басқа ұйымдардың ғылыми қызметкерлері тағайындалады.

2.2.2. Диплом жұмысының ғылыми жетекшісі міндетті:

- диплом жұмысын орындауға тапсырма беруге;
- диплом жұмыстарын орындау кезеңдері белгіленген диплом жұмысын орындау жоспарын өңдеу;
- диплом жұмысы арнайы әдебиеттерді түбегейлі зерттеу негізінде жүргізілетіндіктен зерттеу дереккөздерін, соның ішінде монография, құқықтық-нормативті актілерді, анықтамалық және архивтік материалдарды, ғылыми журналдардағы мақалаларды ұсыну;
- диплом жұмысын орындау жоспарын қадағалау;
- диплом жұмысының көлемі мен бөлімдеріне қарай кеңес жүргізу.

2.2.3. Кафедра меңгерушісі диплом жұмысын орындаудың әдістемелік нұсқауларымен қамтамасыздандыру, диплом жұмысының орындалуы бойынша студенттің есебін тапсыру мерзімін белгілеу және ғылыми жетекшімен бірге диплом жұмысының дайындық дәрежесі туралы есеп қабылдауы қажет.

2.3. Диплом жұмысының тапсырмасы

2.3.1. Диплом жұмысының тапсырмасы ақпараттың сипатталуынан, зерттеу дереккөздерінен, студент дайындаған сұрақтар тізімінен ұсынылатын әдебиеттер тізімінен графикалық материалдар тізімінен (таблица, диаграмма, схема, суреттер) және диплом жұмысын орындаудың жылдық күнтізбесіне тұрады. Диплом жұмысын орындау тапсырмасының үлгісі 1 қосымшада көрсетілген.

2.3.2. Аяқталу мерзімінің көрсетілуімен диплом жұмысының тапсырмасы кафедра меңгерушісімен бекітіледі. Негізгі беттен кейін нөмірсіз түптеледі, бірақ жалпы парақ санына кіреді.

2.3.3. Күнтізбе жоспары диплом жұмысын орындаудың барлық кезеңдерін, яғни әдебиетті жинақтаудан диплом жұмысын алдын ала қорғауға дейінгі уақыт аралығын қамтиды. [қосымша 2 қарау].

2.3.4. Диплом жұмысының негізгі бөлігінде орындалған зерттеудің мәнін, мазмұнын, әдістемесі мен диплом жұмысының негізгі қорытындыларын білдіретін мәліметтер келтіріледі. Диплом жұмысының негізгі бөлігі ережеге сай бөлім және бөлімшелерге бөлінеді (бөлім және параграфтар).

2.4 Диплом жұмысының құрылымы

2.4.1. Диплом жұмысы студенттің белгілі мамндық бойынша дербес ғылыми зерттеу жұмыс болып еспсетеледі, көлемі ереже бойынша 60 бет болуы қажет. Қосымшалар диплом жұмысының көрсетілген көлеміне енгізілмейді.

2.4.2. Диплом жұмысының құрылымдық элементтері:

- Титулды беттер
- Диплом жұмысын орындаудың тапсырмасы
- Мазмұны
- Кіріспе
- Негізгі бөлім (теориялық және аналитикалық бөлімдер)
- Қорытынды (тұжырымдар мен ұсыныстар)
- Пайдаланылған әдебиеттер тізімі
- Қосымша (лар)

2.4.3. **Титул беті** - диплом жұмысының бірінші беті құжатты қажетті жағдайда өңдеу және іздестіру үшін қажет болып табылатын ақпарат дерек көзі ретінде қызмет етеді.

Титул беттерге нөмір қойылмайды, бірақ та жалпы беттер санына кіреді. Титул беттердің формалары 3 және 4 қосымшаларда беріледі.

2.4.4. Диплом жұмысы кіріспе, бөлім мен бөлімшелер атаулары, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады.

Диплом жұмысы төмендегідей шарттарға сай болуы керек:

- Материалдың баяндалуының логикалық жүйелілігі;
- Зерттеудің нақты мақсатты бағыты;
- Зерттеу қорытындысының нақтылығы;
- Ұсынылып отырған шешімдердің, тұжырымдар мен қорытындылардың дәлелділігі.

«Мазмұны» 5 қосымшада берілген.

2.4.5. **Кіріспе** диплом жұмысының өзекті мәселелерін, ғылыми жаңашылдығын және практикалық маңыздылығын, қазіргі ғылыми мәселелерді шешу, сонымен қатар диплом жұмысының мақсаты мен міндеттерін, зерттеу объектісін, берілген теориялық және әдіснамалық

негіздері мен диплом жұмысының жазылуының практикалық базасын құрайды. Кіріспенің көлемі 3беттен тұрады.

2.4.6. Диплом жұмысының негізгі бөлімінде мазмұны, әдістемесі және зерттеу жұмысының қорытындысы беріледі және бөлімдер мен бөлімшелерге бөлінеді. Диплом жұмысы екі бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлім - 2-3 параграфты қамтитын теориялық бөлімі болып табылады. Бұл бөлімде зерттеу мәселесінің теориялық аспектілері, яғни ғылыми, құқықтық, статистикалық және басқа да әдебиеттер қарастырылады. Әдебиеттерді қарастыру барысында отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу нысанына көзқарастары салыстырмалы түрде зерттеліп, зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі анықталып, зерттеушінің өз көзқарасы мен қойылған міндеттерді шешуде өзіндік бағыты айқындалады

Екінші бөлім – аналитикалық. Бұл бөлімде 2-3 параграф қамтылуы мүмкін және арнайы ақпарат (ғылыми, техникалық, статистикалық, практикалық және т.б.) негізінде зерттеу нысанының жан жақты, күрделі талдау жүргізіледі. Бұл бөлімнің соңында жүргізілген талдаудың нәтижесі қорытындыланып, тиімді болып табылатын ұсыныстар берілуі керек.

2.4.7. **Қорытынды бөлім** (тұжырым) дипломдық зерттеулер қорытындыларының қысқаша тұжырымынан, қойылған міндеттердің толық шешілуін бағалаудан, зерттелінген объекті бойынша нақты ұсыныстардан тұруы қажет.

2.4.8. **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі** ғылыми жұмыстарға қойылған талаптарға сай рәсімделеді. Дереккөздері туралы мәлімет диплом жұмысының мәтініндегі дереккөздерінің сілтемелерінің жасалу реті бойынша орналасу керек және арап сандарымен нүктесіз нөмірленеді. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 30 сілтемеден кем болмауы тиіс және оның рәсімделу үлгісі 6 қосымшада көрсетілген.

2.4.9. **Қосымшаға** диплом жұмысының зерттелуі мен орындалуына байланысты негізгі бөлімде қамтылмаған материалдар (кестелер, суреттер) кіргізіледі.

III. Диплом жұмысының рәсімделуіне қойылатын талаптар

3.1. Дипломдық жұмыс баспа машинкасы көмегімен немесе компьютер және принтер көмегімен бір жақ бетте А4 парағында жол аралық өлшемі бірге тең түрде басылуы керек. Шрифт - Times New Roman, кегль – 14. Жұмыс ішінде бірқалыпты тығыздық, қарама-қайшылық және бірдей бейне айқындық сақтаған жөн. Дипломдық жұмыс (жоба) қатты (кітаби) түпте болады.

3.2. Келесідей бет параметрлерін сақтау қажет: жол шектері – сол – 30 мм, оң – 10 мм, жоғарғы – 20 мм, төменгі – 25 мм. Азатжол – 0,8 (төртінші белгіден бастап).

3.3. Дипломдық жұмыс процесінде табылған жаңылыс, қате, график түрінде дәлсіздіктерді тазарту немесе ақ бояуды пайдаланып үстіне түзетілген мәтінді (графиканы) машиналы немесе қол жазба тәсілімен енгізу арқылы жөндеуге болады (қара сия, қара тушь немесе гелий қаламымен).

3.4. Дипломдық жұмыста адамның тегі, мекеме, ұжым, фирмалардың атаулары, бұйым атаулары және жалқы есімдер түпнұсқа тілінде келтіріледі.

3.5. Әрбір бөлім және әрбір параграф аяқталған ақпаратты қамтуы және дипломдық жұмыстың тақырыбын ашуы керек.

3.6. Бөлімдер мен параграфтардың атауларын абзацтық азатжолдан (төртінші белгі) астын сызбай, бас әріппен нүктесіз басталуы қажет. Егер атауы екі сөйлемнен құралса, олар бір-бірінен нүкте арқылы ажыратылады.

3.7. Беттер араб сандарымен бүкіл текст бойымен нөмірленеді. Бет нөмері нүктесіз әрбір беттің төменгі жағының ортасында қойылады.

3.8. Жұмыстың тысы, сыртқы парағы және дипломдық жұмысқа тапсырма нөмірленбейді, бірақ жалпы беттер санына кіреді.

3.9. Диплом жұмысының мазмұны нөмірленбейді, бірақ ол да жалпы беттер санына кіреді. Кіріспе 3 беттен бастап нөмірленеді және әрі қарай рет ретімен нөмірленіп кете береді. Қосымша нөмірленбейді және жалпы беттер санына да кірмейді.

3.10. Бөлек парақтарда берілген көркемдеулер мен кестелер дипломдық жұмыстың жалпы беттер нөмерленуіне қосылады.

3.11. Дипломдық жұмыстың бөлімдері жұмыс ішінде нүктесіз араб сандарымен белгіленген болуы керек. Параграфтар әрбір бөлім шегінде нүктемен бөлінген нөмірлермен белгіленеді.

3.12. Көркемдеулер (сызба, карта, кестелер, сұлба, диаграмма, суреттер) олар ескертілген тексттен кейін немесе келесі бетінде беріледі. Көркемдеулер түрлі түсті және араб сандарымен нөмірленген болуы мүмкін. Барлық көркемдеулерге сілтеме берілуі қажет. Көркемдеулер мен суреттер қажет жағдайда атаулар мен түсіндірме мәтіндерді қамтуы мүмкін. «Сурет» сөзі және оның атауы анықтама мәліметтерінен кейін орналастырылады.

3.13. Кестелер алғаш рет ескерілгеннен кейін немесе келесі бетте орналасуы қажет. Барлық кестелерге сілтеме берілуі қажет. Кестенің атауы кесте астында абзацтық азатжолдан «кесте» сөзі және оның нөмірінен кейін орналастырылады.

Көп жолдан тұратын кестені келесі бетке тасымалдауға болады. Кестенің бөлігін келесі бетке тасымалдау кезінде «Кесте» деген сөз және оның нөмірі мен атауы бір рет беттің бірінші бөлігінде көрсетіледі, ал басқа бөліктердің үстінгі жағында «Кестенің жалғасы» деп жазылады. Кестені тасымалдау кезінде кестені шектейтін төменгі көлденең сызықты жүргізбейді. Көп жолдан тұратын кестені қосымшаға енгізген жөн.

3.14. Ескертуді мәтіндік, графикалық ақпарат немесе кестеден кейін енгізу қажет. Кестеге ескерту кестенің аяқталуын білдіретін көлденең сызықтан кейін беріледі.

«Ескерту» деген сөзді бас әріптен азатжолдан астын сызбай жазу керек. Егер ескерту біреу болса, онда «ескерту» сөзінен кейін сызықша қойылады және ескерту бас әріптен басылып жазылады. Бір ескертуді нөмірлемейді, бірнеше ескертулер араб цифрларымен ретімен нүктесіз нөмірлейді.

3.15. Пайдаланылған әдебиеттерге сілтеме тік жақшаларда беріледі. Бір әдебиетті бірнеше рет пайдаланылған кезде, әдебиет ретінің нөмірінен басқа оның

бет нөмірі де беріледі. Мәтінде қолданылған сілтемелер саны қолданылған әдебиеттер санына сай келуі тиіс.

3.16. Пайдаланылған әдебиеттер туралы мәліметтер дипломдық жұмыс мәтініндегі әдебиеттер сілтемелеріне сәйкес келеді. Араб сандарымен нөмірленеді, нүктесіз және абзацтық азатжолдан басылады.

3.17. Қосымша дипломдық жұмыстың (жобаның) жалғасы ретінде рәсімделеді және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен кейін орналастырады. Барлық қосымшаға мәтінде сілтеме болуы керек. Әр қосымша жаңа беттен жоғарыда «Қосымша» сөзі, оның мағынасы және нөмірі бар беттен басталады. Қосымшаның атауы келесі жолдан мәтінге симметриялық түрде жазылады. Қосымшалар араб сандарымен нөмірленеді және қалған дипломдық жұмыстың беттерімен сәйкес болуы керек.

IV. Дипломдық жұмысты қорғауға ұсыну

4.1. Дипломдық жұмысты алдын ала қорғау МАК-ның жұмыс басталуынан бір ай бұрын өтеді. Ол студенттің өзі және міндетті түрде ғылыми жетекшісінің қатысуымен кафедраның ашық отырысында өткізіледі.

4.2. Дипломдық жұмыс алдын ала қорғаудан сәтті өткеннен кейін ғылыми жетекшіге жіберіледі, ғылыми жетекші оған пікір жазып, кафедра меңгерушісіне ұсынады. Кафедра меңгерушісі дипломдық жұмыс бойынша қорытынды шешім қабылдап, сыртқы парақта соған сәйкес жазба қалдырады.

4.3. Жазбаша пікірде ғылыми жетекші тақырыптың өзектілігі, жұмысты жазу барысындағы студенттің дербестігін, қарастырылған сұрақтардың логикалық тізбегін, нәтижелер мен ұсыныстардың айғақтылық және нақтылығын, жұмыстың оң және теріс жақтарын, көрсетілген талпатарға сәйкестігін (сәйкес еместігін), мемлекеттік аттестаттау комиссиясының алдында қорғауға жіберілу (жіберілмей) жөнінде ескертулер қалдыруы қажет. Жазбаша пікір қолжазба немесе машиналы түрде 1-2 бет көлемінде жазылуы тиіс. Пікір жазу үлгісі 7 қосымшада берілген.

4.4. Дипломдық жұмыс талапқа сай орындалмаған жағдайда ғылыми жетекші оған қол қоймайды, бірақ дипломдық жұмысты қорғауға жібермеу шешімін түсіндіретін жазбаша нұсқау береді. Ғылыми жетекшінің теріс пікіріне сүйеніп, кафедра меңгерушісі дипломдық жұмыс бойынша қорытынды шешім қабылдап, сыртқы парақта соған сәйкес жазба қалдырады.

Кафедра меңгерушісінің дипломдық жұмысты қорғауға жіберу мүмкін емес деп шешсе, бұл мәселе студент пен ғылыми жетекшісінің қатысуымен өткізілетін кафедра отырысында қарастырылады. Кафедра отырысының хаттамасы ЖОО-ның ректорына бекітуге ұсынылады.

4.5. Дипломдық жұмыс алдын ала қорғаудан өткеннен соң, декан оны рецензиялау рәсіміне жібереді.

4.6. Рецензия пікірге қарағанда тәуелсіз маманның дипломдық жұмыс мазмұнының сапасына берген бағасы болып табылады. Рецензия үлгісі 8 қосымшада берілген.

4.7. Рецензент дипломдық жұмыстың мазмұнын тиянақты зерттеп, 1-2 беттен тұратын рецензия жазады. Рецензияда ол келесілерді атап өтеді:

- тақырып өзектілігі;

- жұмыстың жаңалығы пен практикалық маңызы;
- зерттеу жұмысы тақырыбының ашылу толықтығы;
- мазмұнының талаптарға және дипломдық жұмыс тапсырмасына сәйкестігі;
- әдеби қайнар көздерді пайдаланудың жеткілікті (жеткіліксіз) екендігі;
- дипломдық жұмыстың (жобаның) оң және теріс жақтары;
- қисынды ескертулер және кемшіліктер;
- мәселенің шешілуінің дәрежесі және зерттеудің аяқталғандығы;
- дәстүрлі баға мен оның баллды-рейтингтік әріп баламасы;
- түлекке тиісті академиялық дәрежені беру мүмкіндігі.

Рецензия үлгісі 8 қосымшада берілген.

4.8. Рецензенттер кафедра меңгерушісі ұсынысы бойынша өндірістің тәжірибелі мамандары, профессорлар, доценттер, басқа ЖОО-ның тәжірибелі оқытушылар қатарынан тағайындалып ректордың бұйрығымен бекітіледі.

4.9. Рецензенттердің қорғалатын дипломдық жұмысқа сай міндетті түрде жоғары білімі немесе ғылыми (академиялық) дәрежесі, ғылыми атағы болуы тиіс.

4.10. Ғылыми жетекшімен қорғауға жіберіліп, бірақ рецензенттен F - «қанағатсыз» бағасына бағаланса, МАК-ның отырысында ортақ негізде қорғалады.

V. Дипломдық жұмысты қорғау реті

5.1. Дипломдық жұмыс МАК-ның құрамы 50%-дан кем емес ашық отырыста қорғалады.

5.2. Дипломдық жұмыс қазақ, орыс, және шетел тілінде қорғалады.

5.3. Қорғауда дипломдық жұмыс бойынша сұрақ қойып талқылай алатын мүдделі адамдардың барлығы қатыса алады.

5.4. Дипломдық жұмысты қорғау әрбір студент үшін 30 минуттан аспауы тиіс.

5.5. Студентке мемелкеттік аттестациялық комиссия алдында баяндаманы оқуға 15 минуттан артық еме уақыт беріледі. Баяндама алдын ала ғылыми жетекшімен тексерілуі тиіс. Баяндама көрнекілік материалдар немесе интерактивті түрде слайдтармен қамтылуы тиіс.

5.6. Талқылаудан кейін МАК хатшысы пікір мен рецензияны оқиды. Ғылыми жетекші пікірін өзі де оқи алады. Ескертулер бар болса, студент олар туралы түсіндірме беруі тиіс.

5.7. Диплом жұмысын қорғаудан кейін студенттің теориялық, ғылыми және практикалық дайындығы, ғылыми жетекшісінің пікірі негізінде баллды-рейтингтік әріп жүйесіндегі баға беріледі.

5.8. Дипломдық жұмысты қорғаудың нәтижелері МАК-ның отырысында әрбір студентке бөлек хаттамамен рәсімделеді және болған күні жарияланады.

VI. Дипломдық жұмыстарды сақтау реті

6.1. Дипломдық жұмыстар қорғаудан кейін кафедра меңгерушісі бекіткен тізім бойынша жоғарғы оқу орнының мұрағатына жіберіледі.

6.2. Дипломдық жұмыстар жоғарғы оқу орнының мұрағатында 5 жыл сақталады. Мерзімнің аяқталуынан соң ректор бұйрығымен жасалған комиссияның актісімен дипломдық жұмыстарды есептен шығарады.

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

«Бекітемін»

«___» _____ 20__ г.

Диплом жұмысын орындауға арналған
ТАПСЫРМА

Студент _____

Аты, жөні, тегі

Курс, мамандығы, оқу нысаны

Диплом жұмысының тақырыбы _____

Тапсыру мерзімдері:

1 тарау _____ 20__ ж.
тарау аты

2 тарау _____ 20__ ж.
тарау аты

3 тарау _____ 20__ ж.
тарау аты

Қорытынды _____ 20__ ж.

Кафедраға тапсыру мерзімі «___» _____ 20__ ж.

Жетекші _____
қолы

Тапсырманы орындауға қабылдадым

«___» _____ 20__ ж. _____
қолы

Еуразия гуманитарлық институты
Шетел тілдер кафедрасы
дипломдық жұмыстың орындалуының
жоспар-графигі

Тақырыбы _____

Студент _____

Ғылыми жетекші _____

Мазмұны	Орындалу мерзімі	Орындалған жөніндегі белгі
1. Таңдалған тақырып бойынша ғылыми әдебиеттерді зерттеу		
2. Зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми-теориялық материалдарды жинау		
3. Негізгі библиографиялық деректердің тізімін ұсыну		
4. Теориялық материалдарды жинақтау, жүйелеу және сыни талдау		
5. Нақты тілдік материалды жинау		
6. Диплом жұмысының тұжырымды жоспар-құрылымын құру		
7. Зерттеу әдістерін тандау және анықтау		
8. Зерттеудің негізгі болжамын анықтау		
9. Теория мен қоса практикалық материалды өңдеу		
10. Жұмыстың алғашқы жазылған нұсқасын ұсыну		
11. Жұмыстың тұжырымды нұсқасын ұсыну		

Бекітілді « » _____

Шетел тілдер
кафедрасының меңгерушісі

Л.В. Волкова.

Қосымша 3
1 сыртқы парақты рәсімдеу үлгісі

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі
Еуразия Гуманитарлық институт
Шет тілдері кафедрасы

АССАЛАУ Д.

Ағылшын тілінде жалқы есімдердің транспозициясы

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5B011900 – «Шет тілдері: екі шет тілі» мамандығы

Астана 2015

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі
Еуразия Гуманитарлық институт
Шет тілдері кафедрасы

«Қорғауға жіберу»
Кафедра меңгерушісі _____
п.ғ.к., доцент Волкова Л.В.
« ____ » _____ 2016

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Ағылшын тілінде жалқы есімдердің транспозициясы»

5B011900 – «Шет тілдері: екі шет тілі» мамандығы

Орындаған Ассалау Д., ИЯ-4-5 тобының студенті

Ғылыми жетекші доцент Ильясова А.У.

Астана 2015

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
1 Бөлім атауы	
1.1	10
1.2	19
1.3	20
2 Бөлім атауы	
2.1	30
2.2	40
2.3.....	45
Қорытынды	55
Қолданылған әдебиеттер тізімі.....	58
Қосымша (лар)	61

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Ермолович Д.И. Имена собственные на стыке языков и культур. - М.: Р.Валент, 2001.- 200с.
- 2 Ермолович Д.И. К типологии английских персоналий // Сборник научных трудов МГПИИЯ. Вопросы лексикологии германских языков. Вып. 134., М., 1978.- С.112-128.
- 3 Суперанская А.В. Что такое топонимика? - М.: Наука, 1985. - 160с.
- 16 Mitchell M. Gone with the wind. - L., 1974, - 389 p.
- 4 Dunkling L.A. "First Names First" Littlehampton Book Services, 1977. – 954 с
- 5 Магазаник Э.Б., Ройзензон Л.И. Ономастика и ономапэтика. – Труды Самаркандского ун-та. Самарканд, 1974. Вып. 264. – 210 с.
- 6 Комова Т.А. Куницын Е. Л. Английский язык сквозь призму юмора, М., 2003, – 351 с
- 7 Волкова Л.В. Формирование лингвострановедческой компетенции в процессе подготовки специалистов переводческого дела // Республиканская научно-практическая конференция «Образование в контексте устойчивого развития Казахстана: проблемы, поиск, перспективы». – Астана: ЕАГИ, 2008. – С. 216-218.

Интернет – ресурстары

1.1 <http://www.margaretmitchell.ru/content/view/653/468/>

Еуразия гуманитарлық институты
Шетел тілдері кафедрасы

П І К І Р

(тегі, аты-жөні)

_____ студенттің дипломдық жұмысына
Дипломдық жұмыстың тақырыбы _____

Дипломдық жұмыс көлемі _____ бетті құрайды.

Дипломдық жұмыс ғылыми жетекшісінің пікірінде келесі мәселелер қамтылу қажет:

- жұмыстың оң жақтары мен жетіспеушіліктерін көрсету;
- ғылыми зерттеу жұмысында тың шешімдердің болуы;
- дипломшының ғылыми әдебиеттерді пайдалану шеберлігі мен өз бетімен жұмыс істей алу дәрежесі;
- жұмыстың тәжірибеде пайдалануына кеңес беру;
- ғылыми жетекшінің қарастыруы бойынша өзге де мәселелер.

ПІКІР МӘТІНІ

Дипломанттың ғылыми жетекшісі _____
(лауазымы, ғылыми атағы)

(тегі, аты-жөні)

Қолы _____

« _____ » _____ 20 ____ ж.

Дипломдық жұмысты бағалау

Рецензент _____

(тегі, аты-жөні)

Лауазымы _____

Қолы _____

« ____ » _____ 20 ____ ж.